




ӘСКЕРИ ЗАҢДЕР

№8 (102) - тамыз/август 2025 жыл/года

ГАЗЕТ 2017 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ
ГАЗЕТА ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 2017 ГОДА

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ГАЗЕТ

ПОД
ЗАЩИТОЙ
ЗАКОНА



СТР. 3

ЗЕЙНЕТТЕГІ
ӘСКЕРИЛЕРДІҢ
ЗЕЙІНІ
БАЛА
ДЕНСАУЛЫҒЫНА
АУҒАН



4 БЕТ

ЖЕТІ РЕТ
ҒАРЫШҚА
КӨТЕРІЛГЕН
ҚАЗАҚ



7 БЕТ

РАБОТА ПРОДОЛЖАЕТСЯ

ГЛАВНЫЙ ВОЕННЫЙ ПРОКУРОР ДАСТАН СЕКЕНОВ ВО ВРЕМЯ КОМАНДИРОВКИ В ПЕТРОПАВЛОВСКИЙ ГАРНИЗОН ПРОВЕЛ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЕ СОВЕЩАНИЕ С УЧАСТИЕМ КОМАНДОВАНИЯ ВОИНСКИХ ЧАСТЕЙ, УЧРЕЖДЕНИЙ И ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНЫХ ОРГАНОВ.

С учетом специфики гарнизона Главный военный прокурор Дастан Секенов обозначил в числе приоритетных задач вопросы охраны учреждений уголовно-исполнительной системы силами Национальной гвардии, модернизации их технического оснащения, а также деятельности подразделений Пограничной службы по обеспечению охраны Государственной границы и развитию пограничной инфраструктуры.

Одновременно он подчеркнул необходимость безусловного выполнения общих задач по обеспечению правопорядка в армии - предупреждения гибели и травматизма среди военнослужащих, усиления профилактики правонарушений, соблюдения законности при призыве, а также повышения социальной защищенности личного состава. Профилактиче-

ская работа должна вестись по принципу нулевой терпимости и соответствовать концепции «Закон и Порядок».

Рассмотрены меры по реализации программ «Закон и порядок в армии» и «Цифровая профилактика», разработанных Главной военной прокуратурой совместно с военными ведомствами.

После совещания Дастан Секенов провел прием граждан и военнослужащих по социально-правовым вопросам, в ходе которого всем обратившимся были даны разъяснения.

Также он ознакомился с условиями службы сотрудников военной прокуратуры гарнизона.

В рамках экологической акции «Таза Қазақстан» на Аллее прокуроров в городе Петропавловске Главный военный прокурор принял участие в высадке са-



женцев деревьев.

Главная военная прокуратура продолжит принимать меры по обеспечению за-

конности и профилактике правонарушений в армии.

ЗАКОН И ПОРЯДОК

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

В УПРАВЛЕНИИ ГЛАВНОКОМАНДУЮЩЕГО СУХОПУТНЫМИ ВОЙСКАМИ ВС РК ПРОШЛА ОНЛАЙН-ВСТРЕЧА, ГДЕ СЛУЖБАМ ПО РАБОТЕ С ЧЛЕНАМИ СЕМЕЙ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ РАЗЪЯСНИЛИ НОВЫЕ ПРАВИЛА ОБЕСПЕЧЕНИЯ В СФЕРЕ ЖИЛИЩНЫХ ОТНОШЕНИЙ.



ПРАВОВАЯ ГРАМОТНОСТЬ



Мероприятие организовано в рамках правового информирования с целью повышения правовой грамотности и обеспечения своевременного получения актуальной информации. Встречу провели представители финансового отдела и юридической службы, которые подробно рассказали об основных нововведениях закона, порядке предоставления жилищных выплат.

В ходе встречи участники получили

ответы на интересующие их вопросы, а также раздаточные материалы с пошаговыми инструкциями и контактами ответственных специалистов.

Подобные мероприятия способствуют повышению осведомленности семей военнослужащих о своих правах и обязанностях, а также позволяют оперативно адаптироваться к изменениям в жилищной сфере.

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЫ АБАЙ ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДЕ АҚЫННЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ АРАСЫНДА ДӘРІПТЕУГЕ АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ӨТІП ЖАТЫР. МЕРЕЙТОЙ ҚАРСАҢЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ АВИАЦИЯ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТЫ ДӘУРЕН ҚОСАНОВ АСТАНАДАҒЫ АҚЫН ЕСКЕРТКІШІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЙДЫ.

Салтанатты рәсімге Қарулы Күштердің ардагерлері және Құрлық әскерлерінің, Әскери-теңіз күштерінің, Әуе қорғанысы күштерінің әскери қызметшілері қатысты.

– Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, кемеңгер ойшыл, композитор, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Оның мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді, – деп атап өтті қорғаныс ведомствосының басшысы.

– Хакім Абайға арналған ескерткіштер Ресей, Түркия, Франция, Қытай және басқа да әлемнің көптеген елдерінде орнатылған.

Абайдың есімі көшелерге, даңғылдарға, оқу орындары мен театрларға берілген. Оның шығармалары көптеген тілдерге, соның ішінде ағылшын, түрік, қытай және француз тілдеріне аударылған. Ұлы ойшылдың шығармашылығы – ақынның поэзиясы мен философиялық толғамдары әскери ортада да – офицерлер мен мерзімді қызметтегі сарбаздар арасында да кеңінен танымал.



шілер мен олардың отбасыларының қатысуымен әңгімелер ұйымдастырылады. Әлеуметтік желілерде ақынның қара сөздерін оқудан челлендж өткізіліп жатыр.

Мұндай іс-шараларды өткізудегі мақсаты – патриоттық және адамгершілік құндылықтарды нығайту, Қазақстанның ұлттық мәдениеті мен рухани мұрасын қастерлеуге тәрбиелеу.

САРБАЗДАР АБАЙ МҰРАСЫМЕН ТАНЫСТЫ

ТАЛДЫҚОРҒАН 54380 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ САРБАЗДАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ АҚЫНЫ, ОЙШЫЛЫ ӘРІ АҒАРТУШЫСЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ 180 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ СӨКЕН СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАҒА БАРДЫ.



Танымдық шара барысында сарбаздар Абайдың өмірі мен шығармашылығына тереңірек үңіліп, ақынның әдеби мұрасымен танысты. Кітапхана қызметкерлері Абайдың әдеби мұрасы, қара сөздері мен өлеңдерінің тәрбиелік мәні жайлы мазмұнды ақпарат ұсынып, сарбаздарды ақынның рухани әлемімен тереңірек таныстырды. Іс-шара барысында жауынгерлер Абай шығармаларын оқып, ой бөлісті.

– Абай Құнанбайұлы – халқымыздың рухани көшбасшысы. Сарбаздардың ақын мұрасымен танысуы – олардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға,

Отанға деген сүйіспеншілігін арттыруға септігін тигізеді. Мұндай мәдени кездесулер жастарды рухани байытып, елдік сананы күшейтеді, – дейді 54380 әскери бөлім командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Асхат Оспанов.

Сарбаздар кітапхана қорындағы Абай шығармаларын қызығушылықпен қарап шықты. Кейбір жауынгерлер ақынның қара сөздерінен үзінділер оқып, бір-бірімен әсерлі пікір алмасты. Олардың айтуынша, Абайдың еңбектері бүгінгі күннің де өзекті мәселелерін қозғайды және әрбір жасқа бағытбағдар бола алады.

Шара соңында сарбаздар кітапхана ұжымына алғыс білдіріп, осындай тәрбиелік мәні зор кездесулердің жиі өтуін қалайтындарын жеткізді. Мұндай бастамалар жастардың рухани дамуына, патриоттық сезімдерінің артуына оң ықпал ететіні сөзсіз.

**Жетісу гарнизонының
баспасөз қызметі**



Дара туған, дана туған Абайға

*Қашанда Абай десе, маздап жанам,
Күн сайын еске алсақ та, аздай маған.
Кемеңгер туылған күн жақындаса,
Толғанып, қалай өлең жазбай қалам?!*

*Оқыдық Мұхтар жазған бала кезін,
Тлоқыдық жадымызға қара сөзін.
ЮНЕСКО-ға есімін ойып жазып,
Бар әлем дәріптеп жүр дана сөзін.*

*Абайды зерделеген тәлім алды,
Бар әлем оқып, біліп, танып алды.
«Көзімнің қарасы» мен Диуаш айтқан,
«Мелсіз түнде жарық ай» әнің мәңгі.*

*Үңілсек заманауи көздеріменен,
Саластырып өтпелі кездеріменен.
«Асық бол мен қашық бол» өсиеті,
Кезеңдер өзгерсе де өзгермеген.*

*Уақыт тұрып қалмайды, алмасады,
Кітап бетін ашпасақ, таң басады.
Жақсының өзі өлгенмен, сөзі өлмейді,
Ұрпақтардан ұрпаққа жалғасады.*



Марат ТҰРАБАЕВ,
Астана қаласы Байқоңыр ауданы қорғаныс
істері басқармасының қызметкері

ПОД ЗАЩИТОЙ ЗАКОНА

В СОВРЕМЕННЫХ РЕАЛИЯХ ВООРУЖЕННЫЕ СИЛЫ РК НЕВОЗМОЖНО ПРЕДСТАВИТЬ БЕЗ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ. В ЗАДАЧИ СПЕЦИАЛИСТОВ ИМЕННО ЭТОЙ СТРУКТУРЫ ВХОДИТ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ЗАКОННОСТИ И ПРАВОПОРЯДКА, А ТАКЖЕ ПРОТИВОДЕЙСТВИЕ ПРАВОНАРУШЕНИЯМ В АРМИИ.

Благодаря усилиям военнослужащих органов военной полиции в казахстанской армии появился уникальный опыт использования кабинетов профилактической работы (КПР). Подобные кабинеты функционируют во всех воинских частях и учреждениях, в которых служат солдаты срочной службы. Главная задача этого проекта – пресекать правонарушения в армейском коллективе.

Датой создания КПР можно считать 16 февраля 2024 года, когда был издан приказ начальника Главного управления военной полиции ВС РК. В нем был прописан алгоритм использования кабинетов профилактической работы военнослужащими органов военной полиции. Алгоритм разработан с целью улучшения состояния воинской дисциплины и правопорядка в войсках, предотвращения причин и условий, способствующих совершению правонарушений.

Военнослужащие органов военной полиции дежурят в КПР круглосуточно. Их главная задача – не допустить преступление или правонарушение. С этой целью был разработан алгоритм, в котором по часам расписаны все их действия. К примеру, регламент позволяет военным полицейским присутствовать с солдатами срочной службы в столовой во время приема пищи, – отмечает начальник отдела профилактики Управления военной полиции Акмолинского регионального гарнизона майор юстиции Ардак Маратов.

С момента своего создания кабинеты профилактической работы играют заметную роль в повседневной жизни армии. Благодаря КПР военнослужащие органов военной полиции, закрепленные за той или иной воинской частью, помогают командованию в обеспечении воинской дисциплины. Это касается не только солдат срочной службы, но и всех военнослужащих в целом.

Совместно с командованием воинских частей военные полицейские тщательно следят за соблюдением распорядка дня военнослужащих срочной службы (подъем, обед, личное время) и регламентом служебного времени постоянного личного состава.

Важным направлением работы военной полиции в КПР является проведение с солдатами срочной службы правовых, разъяснительных и иных профилактических мероприятий. В ходе подобных занятий представители военной полиции доводят до солдат последствия различных правонарушений. Как правило, к ним можно отнести нарушения уставного порядка (конфликты между военнослужащими с применением физической силы), либо самовольное оставление части (СОЧ). Подобная работа проводится с учетом норм законов и кодексов РК.



Кроме того, для предотвращения суицидальных проявлений в воинской среде военнослужащие военной полиции читают лекции, приглашают с этой целью теологов и представителей духовенства.

Создание кабинетов профилактической работы помогло решить ряд проблем. Солдат может обратиться в КПР с заявлением о совершении против него противоправных действий. В таком случае в установленном порядке будут собраны все необходимые материалы, которые будут переданы в Управление военной полиции Акмолинского регионального гарнизона, – поясняет старший офицер отдела дознания и розыска Управления военной полиции Акмолинского регионального гарнизона капитан юстиции Дидар Ибраев.

Помимо групповых занятий, военные полицейские проводят индивидуальные беседы с военнослужащими. Особенную важность подобные беседы приобретают в ходе встреч с военнослужащими из так называемой «группы профилактического наблюдения». В нее входят лица, имеющие проблемы с воинской дисциплиной, а также военнослужащие с повышенной victimностью, то есть люди, которые в силу ряда обстоятельств склонны становиться объектом преступных действий.

Проводя индивидуальные беседы, представитель военной полиции интересуется у солдат их текущей службой, состоянием здоровья, помогает решить насущные проблемы, – объясняет Дидар Ибраев.

В работе КПР задействованы самые подготовленные военнослужащие. В течение суточного наряда в зоне их ответственности не только сам кабинет, они также отвечают за соблюдение законности на всей территории воинской части. Проведение как групповых, так и индивидуальных бесед происходит согласно графику, который не препятствует основным занятиям по боевой подготовке. Однако профилактические встречи с военнослужащими срочной службы проводятся ежедневно.

Для более эффективной работы военные полицейские тесно сотрудничают с психологами. При помощи тестов психологи части помогают военной полиции определить военнослужащих наиболее уязвимых к тем или иным рискам. Впо-

следствии таких военнослужащих берут под особый контроль, а иногда они могут быть включены в «группу профилактического учета».

Еще одним важным аспектом работы органов военной полиции является взаимодействие с родителями солдат-срочников, ведь их безопасность – это общая задача. В случае, если родителям станет известно о фактах каких-либо противоправных действий в отношении их ребенка, они могут в любой момент обратиться к командирам или в органы военной полиции. При этом их имена останутся конфиденциальными.

Таким образом, вся колоссальная работа военнослужащих органов военной полиции и командования воинских частей направлена на упреждение воинских преступлений. Этот подход уже дает свои плоды. Так, с момента создания КПР число преступлений в воинской среде в Акмолинском гарнизоне снизилось на 17%-18%. Сократилось число так называемого «казарменного хулиганства» и хищения воинского имущества.

Служить, уважая Закон

Положительный опыт наличия кабинетов профилактической работы применяют в Национальном университете обороны, в котором также несут службу солдаты-срочники. Они служат в составе двух взводов. Военнослужащие комендантского взвода обеспечивают охрану и оборону территории университета, принимают участие в противодиверсионных мероприятиях. Взвод входит в состав роты охраны обеспечения и выполняет различные задачи по обеспечению жизнедеятельности университета. Каждую весну комендантский взвод пополняют 20 солдат.

Второй – военно-научный взвод – формируют военнослужащие срочной службы с высшим образованием по IT-специальности. После принятия воинской присяги они занимаются разработкой проектов, оказывают помощь в данном направлении офицерам военного научного исследовательского центра НУО. Отбор в данный взвод производится два раза в год – осенью и весной (по шесть человек).

С начала службы солдаты знакомятся с работой органов военной полиции в во-

инских частях. Еще в период прохождения начальной подготовки в составе роты с молодыми солдатами (РМС) представители военной полиции проводят в законном порядке профилактические мероприятия, что укрепляет воинскую дисциплину и снижает число правонарушений, – говорит командир роты охраны и обеспечения НУО РК лейтенант Жасулан Есентай.

Согласно установленным правилам, суточный наряд сотрудников военной полиции КПР в Национальном университете обороны начинается в 9:00. Руководствуясь алгоритмом, они просматривают списки солдат срочной службы, узнают об их количестве и месте нахождения. В рамках своей деятельности они также должны быть осведомлены обо всем, что касается порядка.

Весь день военные полицейские работают по алгоритму: делают обход территории воинской части, проводят индивидуальные беседы с военнослужащими срочной службы, в том числе и с наиболее уязвимыми военнослужащими (один-два человека). Каждые два часа они докладывают дежурному по управлению об обстановке.

День в суточном наряде проходит разнообразно. Большую часть времени представители органов военной полиции проводят бок о бок с солдатами. Однако, помимо работы с военнослужащими, задача военных полицейских состоит в том, чтобы не допустить посторонних граждан на территорию части, проверять документы, – отмечает временно исполняющий обязанности офицера профилактики Управления военной полиции Акмолинского регионального гарнизона рядовой по контракту Ескендир Бестайбек.

В рамках профилактической работы для солдат срочной службы НУО военнослужащими военной полиции был разработан ряд понятных кейсов, описывающих порядок действий в различных ситуациях. К примеру, в кейсе «Самовольное оставление части», который описывает ситуацию и правовые последствия за содеянное, военнослужащий может найти ответы на вопросы, такие как: что мне делать и куда идти? Какая ответственность меня ждет, не осудят ли меня? С какого времени наступит уголовная ответственность при СОЧ?

В кейсе «Неисполнение приказа» сказано, что в случае невыполнения приказа военнослужащему грозит уголовная и административная ответственность.

Одним из тех, кто служит под защитой Закона в Национальном университете обороны, является стрелок комендантского взвода роты охраны и обеспечения НУО рядовой Жуман Назар Нурболулы. Сразу после школы он решил сделать большой шаг в большую жизнь. Посоветовавшись с двоюродным братом, который служит в рядах Службы государственной охраны, парень окончательно решил отправиться в армию. Выбор сына поддержали его родные.

В армии молодой солдат узнал о КПР. По его словам, такие кабинеты облегчают солдатскую службу и снижают количество незаконных правонарушений. Органы военной полиции пристально следят за состоянием военнослужащих, чтобы они честно и достойно несли службу.

После армии парень хочет осуществить свою мечту и стать пилотом. Сейчас он усердно трудится на службе, желая воспользоваться возможностью и поступить в Академию гражданской авиации со стопроцентной скидкой на обучение в рамках программы «Срочники 2.0».

Создание кабинетов профилактической работы стало важным шагом на пути борьбы с воинскими преступлениями. Четкий алгоритм помогает органам военной полиции действовать в самых разных ситуациях. В его основу лег, пожалуй, главный инструмент – профилактика, способный предупредить преступления. Эффективный опыт внедрения КПР по достоинству оценили зарубежные коллеги.

Нариман ДЮСЕНОВ



ЗЕЙНЕТТЕГІ ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ЗЕЙІНІ БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫНА АУҒАН

БІЗДІҢ ГАЗЕТТІҢ «ӘСКЕРИ ӘУЛЕТ» ДЕГЕН ӘДЕМІ АЙДАРЫ БАР. БҮЛ АЙДАРДЫҢ АЯСЫНДА БІЗ КӨБІНЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІМІЗДЕ ҚЫЗМЕТ ЕТІП, ОТАНДЫ ҚОРҒАП ЖҮРГЕН БҮГІНГІ ОТБАСЫЛАР ЖАЙЫНДА ШИРАТА ЖАЗЫП ЖАТАМЫЗ. СОНДАЙ-АҚ, БІР КЕЗДЕРІ ӘСКЕРДЕ ҚЫЗМЕТТЕ БОЛЫП, АЛ БҮГІНДЕ ЗАПАСТАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛҒАН ЖАНҰЯЛАРДЫҢ ДА ЖАҒДАЙЫ БІЗДІҢ НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС. ЕНДЕШЕ, КЕЗЕКТІ ӨНГІМІМІЗ ДЕ ОСЫНДАЙ ӘУЛЕТ ЖАЙЫНДА БОЛМАҚ.

«Бұл кімдер болды екен» деп ойлап отырған боларсыздар? Запастағы полковник Рашид Құрманұлы Абишев пен отставкадағы майор Гүлбаршын Құрманқызы. Бір атаның ұрпақтары. Екеуі де ел әскерінде Отан алдындағы қызметін абыроймен атқарған. Бірі «Шығыс» өңірлік әскерлер қолбасшысының әскери бөлімдерінде, ал енді бірі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл басқармасында әскери қызметте болған. Рашид Құрманұлы 30 жылдай әскери қызметте кадрлар бөлімінде біліктілігін шындаса, Гүлбаршын әскери еңбек жылдарында қаржы саласында қызмет атқарды. Екеуінің де туған жері – Абай облысына қарасты Аяқөз қаласы.

Енді бір әулеттен шыққан екі әскеридің бүгіндегі тыныс-тіршілігіне кеңірек тоқтала кетейік. Қазір ағалы-қарындас алдарына бір мақсат қойып, үлкен іске бет бұрып отыр. Қант диабетімен ауыратын балаларға қамқорлық көрсетпек. Осы мақсатта «DIABETES ACADEMY KZ» жеке қорын құрып, соның негізінде арнаулы мектеп те ашқан.

Кез келген іске себеп болатын жағдайлар бар ғой. Олардың осы бір игілікті іске бел шеше кірісуіне де отбасында болған жағдай әсер еткен. Нақтырақ айтар болсақ, 2019 жылы Гүлбаршынның ұлы Мұхамедиярға «I санаттағы қант диабеті» деген диагноз қойылыпты. Өрімдей баланың мұндай сырқатқа шалдығуы кімге болсын жеңіл тимейтіні анық. Әсіресе, ата-ана үшін тіпті ауыр. Бұдан бөлек, оны емдету жолдарында да сан түрлі қиындықтар кездеседі. Қажетті ақпараттардың жеткіліксіздігі де тиісті деңгейде ем-дом қабылдауға кедергі. Осының бәрін өз ба-сынан өткерген Гүлбаршын ағасы Рашид-



пен ойласа келе, әлгіндей олқылықтардың орнын толтыру мақсатында арнаулы мектеп ашуды ұйғарған. Бұл мектеп қант диабетімен ауыратын балалар мен олардың ата-аналарына пайдалы әлеуметтік-қоғамдық білім береді. Яғни, басты мақсат – қант диабеті бар балалардың және олардың отбасыларының өмір сүру сапасын арттыру, аурудың теріс салдарын болдырмау, сырқатқа байланысты проблемалар туралы ақпаратты арттыру.

Мектепте диттеген мақсаттарға жету үшін келесідей іс-шаралар жүргізіледі:

- жоғарғы білікті эндокринолог дәрігер

сабақ өткізіп, сырқатқа қатысты сауатты арттырады;

- сертификатталған психолог маманың көмегімен дертке шалдыққандарға психологиялық қолдау ұйымдастырылады;

- диетолог дәрігермен сабақтар өткізу арқылы дұрыс тамақтануды ұйымдастыруға, қан құрамындағы қант деңгейін бақылауға, асқынуларды болдырмауға және қант диабетімен ауыратын балалардың өмір сүру сапасын жақсартуға көмек көрсетіледі;

- балаларды қоғамда табысты әлеуметтендіруге жәрдемдесу жүргізіледі;

- әртүрлі шеберлік сабақтарын өткізу арқылы балалардың шығармашылығы мен өзін-өзі тануын дамыту сабақтары өткізіледі;

- сертификатталған жаттықтырушымен емдік денешынықтыру сабақта-

Бас штаттан тыс балалар эндокринологі Абдухасова Гүлмира Қасенқызы мен подолог, кәсіпкер, қоғам белсендісі, психология орталықтары желісінің негізін қалаушы және иесі Байканова Даурия Бейбітқызымен және Астана қаласы бойынша ерекше балалардың ата-аналары одағы филиалының басшысы Мауина Гүлсан Мейрамқызымен алғашқы кездесу өткізілді. Аталған мамандар жаңадан ашылған мектептегі бастамаларды қолдап, өз тараптарынан көмек көрсетуге ниетті екенін білдірді.



Алдағы уақытта, яғни тамыз айында балалар эндокринологы және подолог мамандарымен, диабеті бар балалар мен олардың ата-аналарымен кездесу жоспарланып отыр екен.

Осылайша, тізе берсек, балалардың денсаулығын жақсартуға арналған арнаулы мектеп жайында кеңірек көсіле беруімізге де болады. Алайда, жаңадан басталған іргелі іс болғандықтан алда атқарылатын ауқымды істеріне сәттілік тілеп, әңгіме желісін осы жерден тоқтата тұрайық. Бастысы, бастаған істерінің берекесін берсін. Ізгілікті істері бала денсаулығына қарай бұрылған ғой. Діттеген мақсаттарына жетсін.

Ерлібай ӨЗБЕКБАЙҰЛЫ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА МЕДАЛЬ ОЛЖАЛАДЫ

БУРАБАЙДА ӨТКЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН ЕРЕСЕКТЕР АРАСЫНДАҒЫ БИАТЛ ЖӨНЕ ТРИАТЛДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫ АЙША НАУРЫЗБАЙ ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ. ЖАС СПОРТШЫ ЖЕКЕ ПӘНДЕР БОЙЫНША КҮМІС ЖӨНЕ ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ, СОНЫМЕН ҚАТАР 10 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР АРАСЫНДАҒЫ КОМАНДАЛЫҚ АРАЛАС ЖАРЫСТА ЕКІНШІ ОРЫН АЛДЫ.

Айша – Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштері теңізшісінің қызы. Бала кезінен бастап ол Отан қорғаушылардың отбасына өсіп, патриотизмді бойына сіңірген, тәртіп пен жауапкершілікті біледі.

«Менің әкем – менің тәлімгерім. Ол мені бала кезімнен тәртіпті болуға, спортпен шұғылдануға үйретіп келеді. Барлық бастамаларымды қолдап, жанымнан табылады. Арманым – әлемдік аренада Қазақстанның Туын көкке желбірету», – деді Айша.

Айша бес жасынан жүзумен айналысқан.



Бұл ол қатысқан бірінші халықаралық жарыс емес: 2024 жылы ол осындай чемпионатта қола медаль жеңіп алды. Оның табандылығы, спорттық рухы және жеңіске деген ұмтылысы құрбы-құрдастарына керемет үлгі.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері өз елінің лайықты азаматтары – қайсар, мақсатқа ұмтылатын және талантты балалар тәрбиелеп отырған әскери қызметшілердің отбасыларымен мақтанады. Өскекең ұрпақты тәрбиелеуде отбасын қолдау, Отанға қызмет ету рухы және жоғары моральдық құндылықтарды сақтау маңызды екенін анық



ОТАНДЫ ДА, ОТБАСЫН ДА ҚОРҒАП ЖҮР

ЖАҚСЫ ӨДЕТ – ЖАҚСЫ ОТБАСЫНЫҢ БЕЛГІСІН БІЛДІРСЕ КЕРЕК. САБИТОВТАР ОТБАСЫНЫҢ ТАҢЫ ШӨЙ ІШУДЕН ЕМЕС, ЖАТТЫҒУ ЖАСАУДАН БАСТАЛАДЫ. ОТАҒАСЫ АҚЫЛБЕК – СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАЛАҚЫН АУДАНЫНДАҒЫ МЕРГЕН АУЫЛЫНЫҢ ТУМАСЫ. ТЕМІРДЕЙ ТӨРТІПKE БАҒЫНЫП, ӘСКЕРИ АДАМ БОЛУДЫ КІШКЕНТАЙЫНАН ҚАЛАДЫ.



Мектепті бітіре салысымен, Құрлық әскерлерінің әскери институтында білім алды. Еліміздегі әскери жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде-ақ мықтылығын мойындатты. 2014 жылы әскери спорттың халықаралық кеңесінің қамқорлығымен Эквадорда өткен екінші бүкіләлемдік кадет ойындарына қатысты. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтас армияларының 2015 жылы Ресей Федерациясында өткен бірінші әскери-спорттық ойындарында да жүлдегер атанды. 2017 жылы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы 44736 әскери бөлімінің мина атқыш взводының командирі лауазымында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтас армияларының Қырғызстанда өткен екінші әскери-спорттық ойындарында жеке біріншілікте үшінші орынды жеңіп алды. Ол 100 метрді 11,6 секундта жүгіріп, екінші орынды ұтты. Макаров пистолетінен ағудан 274 ұпай жинақтап, үш шақырымдық сайыста үшінші келді. Офицерлік ұшсайыстан Қырғыз Республикасының спорт шеберлігі нормативін де орындады. Естеріңізге салайық, Қырғыз Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының «Эдельвейс» оқу орталығының базасында ұйымдастырылған ТМД қатысушы-мемлекеттердің ынтымақтас армияларының екінші әскери-спорттық ойындары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы ынтымақтас армиялардың Қорғаныс Министрлер Кеңесінің 25 жылдығына және Қырғыз Республикасының тәуелсіздік күніне арналған еді. Жарыста Армения, Белорусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекетінің әскери қызметшілері спорттың әскери-қолданбалы алты түрінен күштерін сынады. Қазақстандық әскерилер армиялық қоян-қолтық ұрыста сөзсіз жеңіске жетіп, төрт алтын және екі қола медаль алды. Командирлік стартта да чемпион атанып, екі алтын, бір күміс және бір қола медальді еншіледі. Гір спортынан еліміз құрамасы жалпыкомандалық екінші орынды, әскери-спорттық кешеннің көпсайысында үшінші орынды ұтып алды. Жалпы алғанда, спорттың әскери-қолданбалы алты түрінен төртеуінің кубогын иеленіп қайтқан болатын. Бұған қоса 2023 және 2024 жылдары 80 шақырымдық «Абай жолы» ультрамарафонын да бағын-



дырды.

Ақылбек Сабитов – спорттың қысқы ойын түрлерінен, жазғы көпсайыстан, полиатлоннан спорт шебері, әскери-қолданбалы спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының көп дүркін чемпионы. Қазір «Шығыс» өңірлік әскерлері қолбасшысының басқармасында жауынгерлік даярлық басқармасының бағыт аға офицері. Жарыстардың бірінде танысып, өмірлік серік еткен жұбайы да осал емес. Көркем Күршімде туып-өскен Айнаш Рашидқызы қысқы Президенттік көпсайыстан спорт шебері әрі Қазақстан Республикасының чемпионы. ШҚО құрама командасында өнер көрсеткен. Ақылбек пен Айнаш екі қыз тәрбиелеп отыр.

Майор Сабитов спорттық нормативтерге орындауға келгенде жоғары талап қояды. Оның пікірінше, әскердің жауынгерлік қабілеттілігін ұдайы арттыруды уақыттың өзі талап етеді. Әскерилердің бойындағы батылдық, жігерлік, мақсатқа талпынушылық, жоғары шеберлік, шапшаңдық, жылдамдық, жинақылық, ұқыптылық, тез арада дұрыс шешім қабылдай білуі, достық қарым-қатынас, ауызбіршілік пен ұйымшылдық секілді жақсы қасиеттер дене дайындығынан байқалады. Әскерде денесі шыныққан адам өмірде кездесетін түрлі кедергілер мен қиындықтарды да табандылықпен жеңе алады. Қысқасы, «жаттығуда аянбай тер төксең, ұрыста қиналмайсың» принципін ұстанады. «Менің ойым: әскердегі әріптестерімнің Отанға деген сүйіспеншілігі мен құрметін одан әрі нығайтып, спортқа деген қызығушылығы мен құлшынысын арттыру. Күнделікті жетістіктерімізбен үлгі-өнеге көрсетіп, өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызды спорт пен дене шынықтыруға барынша баулу. Себебі спорттың кез келген түрі күш-жігерді, рухты, мінез-құлықты тәрбиелеуге көмектеседі», - дейді ол.

Сабитовтар әулетінің мақсат-мұраты – үнемі еңбектеніп, әрдайым алға ұмтылу, әлемдік аренада ел мен жердің намысын қорғап, көк туды көкке көтеру.

Аяла ИСКАКОВА

БОЛАШАҚ ОФИЦЕРЛЕР ЗАМАНАУИ ҰРЫС ТӘСІЛДЕРІН ПЫСЫҚТАДЫ

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫНЫҢ СТУДЕНТТЕРІ ҮШІН ДАЛАЛЫҚ ОҚУ ЖИЫНДАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КЕЗЕҢІ АЯСЫНДА КЕШЕНДІ ТАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР ӨТКІЗІЛДІ.

Арнайы дайындалған полигонда қарсыластың кенеттен жасалған шабуылына қарсы ұтымды әрекет ету, негізгі күштерден оқшауланған жағдайда қорғаныс ұйымдастыру сияқты шынайы тактикалық сценарийлер модельденді.

Жаттығулар барысында ұрыс жүргізудің жаңа талаптарына — жоғары ұтқырлыққа, бөлімшелер арасындағы үйлесімділікке және қазіргі заманғы бай-

ланыс жүйелерін қолдануға ерекше назар аударылды.

Тәжірибелі оқытушы-офицерлердің жетекшілігімен болашақ лейтенанттар өздерінің командирлік дағдыларын жетілдіріп, белгісіз жағдайда тез шешім қабылдауға және бөлімше үшін жауапкершілік алуға үйренді.

Кешенді тактикалық сабақтарға арнайы шақырылған ҚР Қарулы Күштерінің

ардагерлері, кезінде қазақ армиясының аяғынан қаз тұрып, қалыптасуына үлкен үлес қосқан генерал-майор Әлихан Жарболов, генерал-майор Геннадий Носоновский және генерал-майор Дәулет Салханов сияқты білікті әскери мамандар студенттердің әрекеттеріне жоғары беріп қана қоймай, өздерінің мол өмірлік тәжіриберімен де бөлісті.

Генерал Д.Салханов қазіргі уақытта қазақ халқы ұлы Абайдың 180 жылдығын атап өтіп жатқанын айта келіп, әскери кафедраға данышпанның бір кітабын сыйға тартты. Өз кезегінде ЕУУ әскери кафедрасының басшысы генерал-майор Еділ Оразов далалық жаттығуға уақыт тауып келген ардагерлерге шын көңілден алғысын білдірді.

Қорыта айтқанда кешенді тактикалық сабақтардың нәтижелері студенттердің қазіргі заманғы ұрыс жағдайында сенімді әрекет ете алатынын, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алатынын көрсетті.

Мұндай сабақтар тек кәсіби дағдыларды ғана қалыптастырып қоймай, болашақ офицерлердің борыш, жауапкершілік сезімін және кез келген жағдайда Отанды қорғауға дайын болу қасиеттерін тәрбиелейді.

**Өйгерім Жұмаділова,
ЕУУ әскери кафедрасының
студенті**



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫ

«АСТАНА» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ «СПАССК» ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ОРТАЛЫҒЫНДА АУҚЫМДЫ ӘСКЕРИ ЖИЫН БАСТАЛДЫ. ДАЙЫНДЫҚҚА АСТАНАДАН, СОНЫМЕН ҚАТАР АҚМОЛА, ҚАРАҒАНДЫ, ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ПАВЛОДАР ОБЛЫСТАРЫНАН АЗАМАТТАР КЕЛДІ.

Жиынның басты мақсаты – Қарулы Күштердің жауынгерлік әзірлігін арттыру, жұмылдыру резервін қалыптастыру және аса сұранысқа ие әскери кәсіптер бойынша мамандар даярлау.

Жиынның барлық кезеңінде әскери міндеттілер қызмет етіп жүрген әскери қызметшілермен бірдей киім-кешекпен, толыққанды тамақпен және медициналық қызметпен қамтылады. Қатысушылардың жұмыс орындары мен лауазымдары сақталып, орташа жалақы төленеді. Жұмыссыздарға мемлекет есебінен ең төменгі жалақы беріледі.

– Жиында мерзімді қызмет барысында жинақтаған машықты жетілдіріп, қару-жарақ пен әскери техниканың жаңа үлгілерімен танысамыз, – деп атап өтті Ақмола облысы Бурабай ауданынан шақырылған Жомарт Жұмабек.

Қатысушылар 30 күн ішінде, атап

айтсақ: офицерлер әскери басқару желісі бойынша, ал мамандар артиллерия, мотоатқыштар, танк, зенит, жөндеу және тыл бөлімшелері, сондай-ақ байланыс саласында қарқынды қайта дайындықтан өтеді.

Жиынның қорытынды кезеңі бөлімшелер, взводтар, роталар мен батальондар құрамындағы жауынгерлік үйлесімділікті көздейді. Оның барысында соңғы жылдары Қазақстан армиясындағы қару-жарақ пен техника айтарлықтай жаңарғаны, технологиясы және тиімділігі барынша ескерілді.

Елдің қорғаныс қабілетін нығайтудағы маңызды кезең болып саналатын оқу-жаттығу жиыны биыл тамыз айының соңына дейін жалғасады.

Думан Жұмашұлы



150 ДЕСАНТШЫ САРБАЗ ПАРАШЮТПЕН СЕКІРДІ

ЖАУЫНГЕРЛІК РӨСІМДІ 32363 ӘСКЕРИ БӨЛІМІНІҢ МЕРЗІМДІ ҚЫЗМЕТ САРБАЗДАРЫ ҚАБЫЛДАП, МИ-17 ТІКҮШАҒЫНЫҢ БОРТЫНАН 800 МЕТР БИІКТІКТЕ ПАРАШЮТПЕН СЕКІРДІ.

150 жас әскери қызметші оқу-жаттығу секірулеріне арналған төртінші сериялы Д-6 парашют жүйелерін қолдана отырып, десант түсіруді сәтті орындады. Бұл сәт тек жауынгерлік дайындықтың бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар десанттық-шабуылдау әскерлерінің қатарына кірудің символы.

Секіруді орындамас бұрын сарбаздар тиынақты теориялық және практикалық дайындықтан өтті. Әскери бөлім әуе-десанттық дайындық бөлімінің аға офицері гвардия капитаны Амантай Жалтырбай атап өткендей, парашютті орауға, әуедегі іс-қимылға және мамандандырылған тренажерларда орын алуы мүмкін штаттан тыс жағдайларды пысықтауға ерекше көңіл бөлінді.

– Әр десантшы парашютті дұрыс орап қана қоймай, әуедегі оқиғалардың кез келгеніне дайын болуы керек. Бұл барынша жинақылықты, тәртіпті және күш-қуат төзімділігін талап етеді, – деп атап өтті А. Жалтырбай.

Тікұшаққа қонар алдында жеке құрамға нұсқама сабағы өткізілді. Десантшылар сәтті қонғаннан кейін жердегі тактикалық тапсырмаларды орындауды жалғастырды.

Парашютпен секіру – әуе-десанттық дайындықтың маңызды элементі. Олар сарбаздан батылдықты, жинақылықты және кез келген жағдайда әрекет етуге дайын болуды талап етеді. Бұл рухты, мінезді және жауынгерлік шеберлікті шыңдау. Жас десантшылар бұл сынақты абыроймен орындап шықты.

ЖЕТІ РЕТ ҒАРЫШҚА КӨТЕРІЛГЕН ҚАЗАҚ



АПТА БАСЫНДА ЕЛІМІЗ АҢЫЗ АДАМЫНАН АЙРЫЛЫП ҚАЛДЫ. КӨРНЕКТІ ҰШҚЫШ-ҒАРЫШКЕР, АВИАЦИЯ ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТЫ, ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ ДҮНИЕДЕН ОЗДЫ. ТАЛҒАТ МҰСАБАЕВ 1994 ЖЫЛЫ ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛҒАШҚЫ ҒАРЫШКЕРІ ЖӘНЕ АШЫҚ ҒАРЫШҚА ШЫҚҚАН ТҰҢҒЫШ ҚАЗАҚ БОЛДЫ.



Анасы соғысқа қатысты

Ғарышкер бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында өз атасы Орынтайдың 1930-шы жылдары репрессияланғанын айтыпты. Ал анасы Салиха Хамитқызы медициналық санитарлық батальон құрамында Берлинге дейін жеткен. Соғыстан кейін Алматы облысы Қарғалы ауылына аман-есен оралыпты. Кейіннен ауылдық ауруханада жұмыс істеп жүріп, қолында үш ұлы бар, әйелі қайтыс боп кеткен Амангелді есімді журналистпен кездесіп, онымен отбасын құрады.

Сұхбатында: «Соғыста аман қалған анам үшін менің дүниеге келуім құдайдың үлкен сыйы еді. Осылайша ауылдық ауруханада 30 жастағы Салиха Хамитқызы әп-сәтте төрт ұлдың, үйдің үлкендері – Болат, Марат, Мұрат және кенжесі Талғаттың анасы атанып шыға келді. Әкемнің тағдыры қиын болды. «Халық жауының ұлы» деген айдардың ауыртпалығын көтерді, жарынан айырылды, тіпті журналистік мансабында да көп әділетсіздікке төзуге тура келді. Бірақ әкем еш мойыған жоқ. Ол төрт ұлына ана болған әйелді кездестіріп, үлкен бақытқа кенелді», деген екен.

33 жылдан кейін жетті

Талғат Мұсабаев бала күннен ғарышкер болуды армандады. Оған ол 33 жылдан кейін жетті. 1974 жылы Ригадағы азаматтық авиация инженерлері институтын бітіріп, алдымен Боралдай, кейін Алматы авиаотрядында, содан соң Қазақ азаматтық авиация басқармасында жұмыс істеді. 1977 жылдан бастап Алматыдағы әскерге, авиацияға және флотқа жәрдемдесудің ерікті қоғамы аэроклубының мүшесі болды.

1987 жылы Талғат Мұсабаев

Ульяновскідегі ұшқыштар училищесінде ұшқыш дипломын алды. 2023 жылы Арманжан Байтасовқа берген сұхбатында Мұсабаев бұл оқуының Желтоқсан оқиғасымен түспа-түс келгенін айтқан.

Үш мәрте ғарышқа аттанды

Мұсабаевтың бірінші сапары 1994 жылғы 7 қаңтар мен 4 қарашада болған. Талғат Мұсабаев «Мир» станциясына экспедицияның бортинженері ретінде қатысып, ғарышқа ұшқан тәуелсіз Қазақстанның алғашқы азаматы атанды.



Екінші рет 1998 жылғы 29 қаңтар – 25 тамыз аралығында «Мир» станциясына экипаж командирі ретінде ұшты. Мұсабаев ашық ғарышқа алты рет шықты және сол арқылы бір ұшу кезінде ашық кеңістікте ең ұзақ болған адам ретінде Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ол 207 күндік миссия кезінде вакуумда 32 күн өткізді. Бұған дейін бірде-бір ғарышкер ашық ғарышта осынша ұзақ болмаған.

Үшінші рет 2001 жылғы 28 сәуір – 6 мамырда ұшты.

Бұл Мұсабаевтың ең қысқа және соңғы сапары болды. Осылайша ол халықаралық ғарыш станциясына командир аттанды. Бұл миссияда оның экипажында әлемдегі тұңғыш ғарыш турисі америкалық Деннис Тито болды. Тито оған «№1 тәрбиеші» деген лақап ат қойған. Себебі Мұсабаев алдымен ұшу кезінде жүрегі сыр бергенде кейін станцияда басын жарақаттап алғанда медициналық көмек көрсеткен.

Ту мен Құранды ғарышқа апарған тұңғыш қазақ

Бүгінде Мұсабаевтың арқасында Қазақстанның аспан түстес көк байрағы мен елтаңбасы, қасиетті Құран кітабы ғарышқа көтерілгенін біреу білсе, біреу білмейді.

«Біз «Байқоңыр» ғарыш айлағында достарымызбен, Президенттің арнайы өкілімен

бірге тек Қазақстанның ғана емес, адамзат тарихында алғаш рет Қазақстанның Туы, Елтаңбасы мен топырағын, сондай-ақ Құран кітабын ғарышқа апару туралы шешім қабылдадық. Бұл 1994 жылдың 1 шілдесі болатын», - деп еске алыпты.

Ашық ғарышқа шықты

Талғат Мұсабаев жалпы жиынтығы 341 тәулік 9 сағат 46 минутқа созылған 3 ғарыш экспедициясына қатысты. Оның 43 сағат 46 минуты ашық ғарыш кеңістігінде өткен. Қазақ ғарышкерлерінің ішінде ашық кеңістікке шығып, жұмыс істеу бақыты тек Мұсабаевқа ғана бұйырған.

«Ашық ғарышта болғанымды мақтан тұтамын. Бұл шынымен де бірегей жұмыс.

Мен ашық ғарыш кеңістігіндегі жұмыс саны бойынша әлемдегі үшінші ғарышкер болдым, бортинженерлермен бірге күрделі жұмыстарды орындадық», - деген еді бір сұхбатында.

Сөз соңы

Талғат Мұсабаев кәсіби мансабында ғарышқа үш сапар жасады, жалпы ұзақтығы бір жылға жуықтады. Сонымен бірге, ол 7 мәрте ашық ғарышқа шықты. Талғат Мұсабаевқа дейін ашық ғарышта бір тәуліктен артық уақыт ешкім болмаған, оның жетістігі Гиннесс рекордтар кітабына енгізілді.

Оның есімі Қазақстан тарихында отандық ғарыштағы алғаш ізашарлардың бірі әрі көрнекті мемлекет қайраткері ретінде мәңгілікке сақталады.



ЧЕМПИОНАТ

ЖАРЫС

АЛҒАШ РЕТ ДРОН САЙЫСЫ ӨТТІ

ЕЛІМІЗДЕ ТҰҒЫШ РЕТ ДРОН САЙЫСЫНАН АШЫҚ ЧЕМПИОНАТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ОҒАН SATBAYEV UNIVERSITY БАСТАМАШЫ БОЛДЫ. САЙЫС ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ АРМИЯ ОРТАЛЫҚ СПОРТ КЛУБЫНЫҢ БАЗАСЫНДА ӨТТІ.



Жарысқа бес аймақтан 14 ұшқыш, оның ішінде күш құрылымдарының өкілдері қатысты. Бұл отандық дрон спорты үшін маңызды оқиға болды, алғаш рет бір алаңда кәсіпқойларды да, ұшқышсыз басқарылатын құрылғылардың әуесқойларын да біріктірді. Қатысушылар арнайы дайындалған тас жолда дрон басқарудағы жоғары жылдамдықты, дәлдікті және техникалық шеберлікті көрсетті.

«Мұндай чемпионат өткізу – Қазақстанда жоғары технологиялық спорт түрлерін дамытудағы маңызды қадам. Ол әскери және азаматтық құрылымдардағы кәсіби дайындық пен бәсекелестік тәжірибенің элементі ретінде дрон сайысты интеграциялау перспективаларын көрсетті», – деп атап өтті Десанттық-шабуылдау әскерлері ұшқышсыз басқары-

латын авиациялық жүйелер қызметінің бастығы подполковник Серік Қалтарбаев.

Күштік ведомстволар арасында командалық есепте Десанттық-шабуылдау әскерлерінің құрамасы жеңіске жетті. Екінші орынды Құрлық әскерлерінің өкілдері иеленсе, ал Астанада келген 68665 әскери бөлімінің командасы үшінші тұғырдан көрінді.

Күш құрылымдарының мамандары арасында жеке есепте бірінші орынды Ерсайын Майданқан (Десанттық-шабуылдау әскерлері), екінші орынды Рүстем Сейітжанов, үшінші орынды Ілияс Әбілқасов (екеуі де Құрлық әскерлері) алды.

Абсолютті жеке санатта Василий Райков үздік деп танылып, екінші орынды Илья Трофимов, үшінші орынды Ерсайын Майданқан олжалады.



ОҚУШЫЛАР «БАЛДАУРЕН» ЛАГЕРІНЕ КЕЛДІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ МЕН ОҚУ-АҒARTY МИНИСТРЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖӨНІНДЕГІ БІРЛЕСКЕН ЖОСПАР АЯСЫНДА ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ БАЛАЛАРЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ОРНАЛАСҚАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫ «БАЛДАУРЕНДЕ» ӨТКІЗБЕК.

Аталған топ құрамына Жамбыл облысының түрлі әскери бөлімдерінде қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің он үш баласы енді. Орталыққа келген соң, құжаттарды ресімдеу рәсімі өтіп, балалар жастарына сәйкес топтарға бөлінді. Олардың демалысы мен қауіпсіздігін тәжірибелі тәрбиешілер мен вожатыйлардан құралған ұжым қамтамасыз етеді. Солар-

дың бірі – Гүлсезім Қанатқызы. Ол келген сәттен бастап балалармен тіл табысып, лагерьдің ережелері мен дәстүрлері туралы айтып берді. Бұл ережелер балалардың ұжыммен жұмыс істеу, тәртіп пен жауапкершілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

– Біздің лагерьде балалар мен тәрбиешілер арасындағы өзара түсіністікті



ЖҮЗУДЕН ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

ЖАҚЫНДА ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНІҢ, БАС ШТАБТЫҢ ЖӘНЕ ҚАРУЛЫ КҮШТЕР ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРІНІҢ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІ АРАСЫНДА ЖҮЗУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ. КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЙЫСҚА 128 СПОРТШЫ ҚАТЫСТЫ.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау рәсіміне ҚР Қарулы күштері Бас штаб бастығының бірінші орынбасары генерал-майор Сәкен Жүсіпов пен Қорғаныс министрлігі Спорт комитетінің төрағасы полковник Арман Әбеуов қатысты.

«Жарыс барысында жекелеген спортшылар жүзудің тамаша техникасын көрсетіп, бізді қуантты. Жалпы, дайындық деңгейі жақсы, командалардың бірлігін және олардың жеңіске деген ұмтылысын көрдік», – деп атап өтті генерал-майор С. Жүсіпов.

Екі топқа бөлініп, бақ сынасқандардың нәтижесінде жүзден жүйріктер анықталды. Сонымен чемпионат қорытындысы бойынша бірінші топта Қару-жарақты бақылау және инспекциялауды қамтамасыз ету орталығының командасы жеңіске жетті. Екінші және үшінші орынды Әскери өкілеттіліктер орталығы мен Жедел жоспарлау департаменті өзара бөлісті. Ал 4х50 метрлік эстафетада Қару-жарақты бақылау және инспекциялауды қамтамасыз ету орталығы, Метрологиялық қамтама-



сыз ету және стандарттау орталығы, Ақпараттық қамтамасыз ету департаментінің сайыскерлері жеңіс тұғырынан көрінді.

Сондай-ақ 30 жасқа дейінгі санатта жеке есепте алтынды Әскери-ғарыштық бағдарламалар орталығының атынан қатысқан капитан Ренат Сәкенов олжалады. 40 жасқа дейінгілерде Қару-жарақты бақылау және инспекциялауды қамтамасыз ету орталығының әскери қызметшісі капитан Мұрат Смағұлов ең жақсы уақытты көрсетті. 40 жастан асқан жүзушілер арасында бірінші болып Мемлекеттік құпияларды қорғау департаментінің подполковнигі Әлнұр Қуанғалиев мәреге жетті. Бұл топтағы әйелдер арасында Ақпараттық қамтамасыз ету департаментінің капитан Лариса Адамович үздік деп танылды.

Екінші топта Тыл бастығы басқармасының спортшылары чемпион атанды, екінші орын ҚР Ұлттық қорғаныс университетінің командасына, үшінші орын Әскери полиция бас басқармасына берілді.



нығайтуға бағытталған қызықты әрі пайдалы ережелер бар. Мысалы, «галстук заңы» бойынша балалар әрқашан вожатыйдың артынан жүреді, ал «тивикс ережесі» – балалар жұптасып жүруі тиіс. Мұндай қарапайым әрі есте сақтауға жеңіл ережелер балалар арасында бірлікті арттырады, – деді Гүлсезім.

Келген соң балалар бөлмелерге жайғасып, бірлесе отырып асханаға бет алды. Топ мүшелерінің бірі, 8-сынып оқушысы Аружан Шеріп алғашқы әсерімен бөлісті:

– Бізді өте жылы қарсы алды. Алдағы 15 күнде керемет әсер алып, жаңа достар та-

батыныма сенімдімін, – деді Аружан.

Үш апта ішінде балаларды мазмұнды бағдарлама күтіп тұр: шығармашылық және спорт үйірмелері, экскурсиялар, сондай-ақ әскери-патриоттық шаралар ұйымдастырылады. «Балдаурен» лагері жыл сайын еліміздің түкпір-түкпірінен мыңдаған әскери қызметшілердің балаларын қабылдайды. Бұл Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілердің отбасына жүйелі қолдау көрсететінін білдіреді.

**Шымкент гарнизонының
баспасөз қызметі**

Республикалық
әскери-құқықтық газет



Республиканская
военно-правовая газета
Издается
ТОО «ГИС Әскери медиа»

Бас редактор
Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

Шығарушы редактор
Тимур АУБАКИРОВ

Тілшілер:

Нариман ДЮСЕНОВ
Рима ӘБЕУОВА
Бақытгуль АБАЙҚЫЗЫ

Корректорлар:

Сымбат НҰРХАЙДАРОВА
Наталья ВАРНАВСКАЯ

Дизайнер:

Адил ШЕРИМБЕТОВ

Газета «Әскери заңгер»
общественного объединения
«Альянс военных юристов»
зарегистрирована 10 ноября 2016 года в
Министерстве информации и коммуникаций
Республики Казахстан
Свидетельство № 16213-Г.



Мнения авторов не всегда
выражают точку
зрения редакции. Рукописи и фотографии не
рецензируются и не возвращаются.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Цена договорная.

Адрес редакции: РК, 010000, г Алматы,
Бостандықский район,
улица Жарокова, дом 210 Б, офис 213

Тел/факс: 8(7172)25-21-63
E-mail: info@sarbaz.kz
Газета издается в типографии
АО «Алматы-Болашақ», г. Алматы,
ул. С. Муканова, 223-Б.

Объем - 8 полос, Офсетная печать

Индекс 64687
Тираж 152
Номер заказа №8